

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыздар.

- Мунира, қалдарыңыз қалай?
- Қалыңыз қалай?
- Осы сенбіде қоныстойға келіңіздер?
- ООО, құтты болсын! Үй сатып алдыңыздар ма?
- Иә, екі қабатты үй сатып алдық.
- Қайдан сатып алдыңыздар?
- Күнгей ауданынан.
- Жанында не бар? Үйді қалай табамыз?
- Үйдің оң жағында аялдама, сол жағында бес үйден кейін мектеп, артында екі үйден кейін емхана бар. Алдында жолдан кейін жиһаз дүкені бар.
- Қандай аялдама?
- Күнгей шағынауданы, «Шаңырақ» аялдамасы.
- Сағат нешеде?
- Кешкі 6-да күтеміз.

Жаттап алыңыз!

Абай көше+сі
«Абзал» сауда үй+і
«Тұран-Ел» мейрамхана+сы
Сәкен театр+ы



аялдама+дан
емхана+дан
үш үй+ден
жұмыс+тан

кейін



2. Сұқбаттың көмегімен үйді сипаттаңыз.





3. Жаңа үйдің мекенжайын жазып, шақыру қағазын толтырыңыз.

Құрметті достар, _____ !

Сіздерді қоныстойға шақырамыз.

Мекенжайымыз: _____ .

Күні: _____

Сағат: _____



4. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Мен үй сатып ал+ды+м.

Сен үй сатып ал _____ ба?

Сіз үй сатып ал _____ ба?

Ол үй сатып ал _____ ма?

Мен жаңа үйге көш+ті+м.

Сен жаңа үйге көш _____ бе?

Сіз жаңа үйге көш _____ бе?

Ол жаңа үйге көш _____ ме?

Біз қоныстойға бар _____ .

Сендер қоныстой _____ ма?

Сіздер қоныстой _____ ма?

Олар қоныстой _____ ма?

Біз үй сатып ал+ды+қ.

Сендер үй сатып ал _____ ма?

Сіздер үй сатып ал _____ ма?

Олар үй сатып ал _____ ма?

Біз жаңа үйге көш+ті+қ.

Сендер жаңа үйге көш _____ ме?

Сіздер жаңа үйге көш _____ ме?

Олар жаңа үйге көш _____ ме?

Мен қоныстойға бар+ды+м.

Сен қоныстойға бар _____ ба?

Сіз қоныстойға бар _____ ба?

Ол қоныстой _____ ма?




5. Мәтінді оқыңыз, кестені толтырыңыз.

Қош келдіңіздер! Біздің үйіміз осы. Сәуірде екі қабатты жаңа үй сатып алдық. Үйдің жалпы ауданы 320 шаршы метр, 2020 жылы салынған. Үйдің жанында бау-бақша бар. Үйде ыстық су, суық су, жылы еден бар.

Бірінші қабатта дәлізден сол жақта жуыну бөлмесі, оң жақта жаттығу залы мен баспалдақ бар. Дәлізден әрі қарай оң жақта – қонақ бөлмесі, сол жақта – ас үй.

Екінші қабатта дәліз үлкен. Оң жақта екі жатын бөлмесі, сол жақта балалар бөлмесі мен жұмыс бөлмесі бар. Екі жатын бөлмесінің ортасында жуыну бөлмесі бар. Енді қонақ бөлмесіне барайық, дастарқанға отырайық.



1-қабат



2-қабат



6. Мәтіннің көмегімен сұрақтарға жауап жазыңыз.

Үйдің жалпы ауданы қанша? _____

Үй қай жылы салынған? _____

Үйде қандай бөлмелері бар? _____

Үй неше қабатты? _____

Үйде бау-бақша бар ма? _____



7. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

Дұрыс, бұрысын анықтаңыз.	дұрыс (+)	бұрыс (-)	Мәтінде жоқ ақпарат
Біз екі қабатты жаңа үй сатып жатырмыз.			
Үйдің жалпы ауданы 2020 шаршы метр.			
Үйіміз 2020 жылы салынған.			
Үйдің жанында шаштараз бар.			
Үйге жылы еден, ыстық су, суық су қосылған.			
Екінші қабатта жуыну бөлмесі жоқ.			
Бірінші қабатта жуыну бөлмесі, оң жақта жаттығу залы, қонақ бөлмесі, ас үй бар.			
Екінші қабатта екі жатын бөлмесі, балалар бөлмесі, жұмыс бөлмесі, жуыну бөлмесі бар.			
Үйде бассейн бар.			
Үйді қыста сатып алдық.			

118



8. Сөйлемдерге сұрақ құрастырыңыз.

Үлгі: Үйді қашан сатып алдыңыздар?

Сәуірде екі қабатты жаңа үй сатып алдық.

2. Үйдің жалпы ауданы 320 шаршы метр.

3. Үй 2020 жылы салынған.

4. Үйдің жанында бау-бақша бар.

5. Үйде ыстық су, суық су бар.

6. Бірінші қабатта жуыну бөлмесі жаттығу залы мен баспалдақ, қонақ бөлмесі, ас үй бар.

7. Екінші қабатта дәліз үлкен екі жатын бөлмесі, балалар бөлмесі мен жұмыс бөлмесі бар.

8. Екі жатын бөлмесінің ортасында жуыну бөлмесі бар.



9. Тірек сөздердің көмегімен құттықтау жазыңыз.

Құтты болсын!

байлық

қуаныш

той

қуаныштымыз

Қоныс құтты болсын!

Шаңырақта той көп болсын!

денсаулық

тілейміз

бай дастарқан